



БЕКІТЕМІН

«Тұран-Астана» университетінің
ректоры

Г.Ә. Жапарова

ЕРЕЖЕ

**Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының
білім алушылары арасында Құқықтану бойынша
Республикалық пәндік олимпиаданы дайындау және өткізу туралы**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі әзірлеген «Құқық» бағытында дайындықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында Республикалық пәндік олимпиаданы (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымға сәйкес әзірленді.

2. Олимпиада болашақ мамандардың ерекше кәсіби қабілеттерін дамыту мақсатында өткізіледі және талантты студент жастарды қолдау фактілерінің бірі болып табылады.

3. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

1) білім алушылардың оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметін ынталандыру;

2) білім алушылардың кәсіптік-тұлғалық әлеуетін, олардың өзін-өзі тануын, шығармашылық, өзі жүзеге асыра алу және өзі растай алу қабілеттерін ашу;

3) білім алушылардың азаматтық ұстанымын тәрбиелеу;

4) неғұрлым таланты және дарынды білім алушыларды іріктеу және қолдау;

5) студенттердің дайындық деңгейін арттыру.

II. Олимпиаданы өткізу тәртібі

1. Олимпиада екі кезеңде өткізіледі:

1) I кезең - ЖОО ішінде;

2) II кезең - базалық ЖОО-да.

2. Олимпиаданың I кезеңінің нәтижелері бойынша ЖОО комиссиясы конкурстық негізде білім алушыларды олимпиадаға қатысу үшін іріктейді және оларды Олимпиаданың II кезеңіне қатысу үшін базалық ЖОО-ға жібереді.

3. Олимпиадаға «Құқық» бағыты бойынша оқитын ЖОО студенттері қатыса алады. Бір ЖОО-дан қатысушылардың ең көп саны - 5 адам. Жоғары оқу орны оқытушыны (ларды) алып барушы ретінде жібере алады. «Тұран-Астана» университетінің (бұдан әрі - ТАУ) білім алушылары Олимпиадаға қатыспайды.

4. Қатысушылар өздерімен бірге жеке басын куәландыратын құжатты алып жүруге міндетті.

5. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібін құрамы ТАУ қызметкерлерінен қалыптастырылатын ТАУ ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) айқындайды.

6. Олимпиаданың апелляциялық комиссиясының құрамы ТАУ оқытушылары қатарынан құрылады.

7. Олимпиадаға қатысу үшін **2024 жылғы 20 наурызға** дейін тренердің құқықтанудан республикалық пәндік олимпиадаға қатысуға тіркеуден өтуі қажет.

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSemXv3ezK-95VVjYM0eevaXEUpydsCr-ybvIPRyczqjJKkXvQ/viewform?usp=sf_link;

Құқықтану бойынша Республикалық пәндік олимпиадаға қатысушыны тіркеу:

https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSd1I6SICGJLqQJyMwqfokOMVuJf10BREubiTfIZMwwpMKKFhA/viewform?usp=sf_link

Онлайн-тіркеу шеңберінде ЖОО-дары ЖОО ішіндегі іріктеуден өткен және олимпиаданың I кезеңіне қатысу үшін ТАУ-ға жіберілген білім алушылар туралы ақпарат береді.

8. Олимпиаданың I кезеңі екі турда мемлекеттік немесе орыс тілдерінде өткізіледі. Олимпиаданың әрбір қатысушысы жарысты жеке өтуі тиіс.

9. Олимпиаданың I кезеңі Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы және Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы бойынша тестілеу нысанында өткізіледі.

10. Екінші турға 70 және одан жоғары балл жинаған қатысушылар өтеді.

11. Олимпиаданың екінші туры Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы және Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу құқығы бойынша жағдаяттық кейстерді шешу жолымен тест нысанында өткізіледі (ҚР АІЖҚ бойынша 3 кейс және ҚР ҚІЖҚ бойынша 3 кейстен).

12. Жағдаяттық кейс іс фабуласының сұрақтарынан тұрады. Олимпиадаға қатысушы әр турда жинай алатын ең көп ұпай саны - 70 ұпай. Жағдаяттық мәселелерді орындау уақыты 60 минут.

13. Олимпиаданы өткізу мынадай бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады: Олимпиада **2024 жылғы 18 сәуірде** «Тұран-Астана» университеті базасында өткізіледі: (Астана қ., Дүкенұлы көшесі, 29).

09:00 - 10:00 ТАУ базасында олимпиадаға қатысушыларды тіркеу.

10:00 - 10:30 Олимпиаданың ашылуы. Командалармен сәлемдесу.

10:30 - 11:45 Олимпиаданың 1 туры өткізу.

11:45 - 13:00 Қорытындылау.

13:00 - 14:00 Түскі үзіліс.

14:00 - 15:00 Олимпиаданың 2 туры өткізу.

15:00 - 17:00 Қорытындылау.

17:00 - Олимпиада жүлдегерлерін марапаттау. Олимпиаданың жабылуы.

14. Кез келген турдың нәтижелерімен келіспеген жағдайда қатысушылар оларды қайта қарау үшін апелляциялық комиссияға жүгінуге құқылы. Апелляциялық комиссия үш адамнан тұрады.

III. Олимпиаданы қорытындылау тәртібі және жеңімпаздарды марапаттау

1. Қатысушының жеке нәтижелері жарыс турының қорытындысы бойынша анықталады. Ұпайлардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, командасы көп ұпай жинаған қатысушы жеке біріншіліктің жеңімпазы болып саналады.

2. Төрешілер комиссиясының құрамы жүлдегерлерді келесі тәртіппен марапаттауды ұсынады.

- 1 орын үшін – I дәрежелі дипломмен (бір студенттен артық емес);

- 2 орын үшін – II дәрежелі диплом (екі студенттен артық емес);

- 3 орын үшін – III дәрежелі диплом (үш студенттен артық емес);

3. Олимпиаданың барлық қатысушылары сертификат алады.

4. Білім беру бағдарламасы бойынша келесі олимпиада бірінші орын алған студент оқитын ЖОО базасында өткізіледі.

IV. Олимпиаданы қаржыландыру

1. Олимпиаданың II кезеңін ұйымдастыруға және өткізуге арналған шығыстарды Ұйымдастыру комитеті айқындайды және «Тұран-Астана» университетінің ректоры бекітеді.

2. Олимпиадаға қатысушылардың және команда басшыларының жол жүруіне, тамақтануына байланысты барлық шығыстарды жіберуші Тарап көтереді.

